



«Атырау облысы Жылой аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«№4М.Өуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Бекітемін:

«22» тамыз 2024 жыл

Мектеп директоры: С.Қабдрахманова

Келісемін:

«22» тамыз 2024 жыл

Оқу ісі орынбасары: Ж.Байманова

Қаралды:

«22» тамыз 2024 жыл

Бірлестік жетекшісі: Н.Иниргалиева

2024-2025 оқу жылына арналған тақырыптық-күнтізбелік жоспар

Пәні: Қазақстан тарихы, Дүние жүзі тарихы

Сыныбы: 7 «ә» сыныбы

Пән мұғалімі: Табылғанова Н.

2024-2025 оқу жылында күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар келесі нормативтік құжаттар негізінде құрастырылды

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген. Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2022 жылғы 12 тамыз №365 бұйрығымен; 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)
- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 , ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.03.2024 № 54 (01.09.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Тарихи сана – тарихты білу, тарихи тәжірибе мен оның сабақтарын ұғынып түсіну, әлеуметтік болжау, өз іс-әрекеті үшін тарихи жауапкершілікті түсіну. Оқу-тәрбие процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын тарихи білім тұлғаның, азамат пен патриоттың қалыптасуына көмектеседі.

3. «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің мазмұны әлем тарихындағы Қазақстанның алатын орны мен рөлін, оның жалпыәлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесін түсінуге мүмкіндік береді.

4. «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің мақсаты – білім алушылардың бойында тарихи сана, қазақстандық патриотизм, өз елінің тарихы мен мәдениетіне құрмет, өз ата-бабаларының жетістіктеріне деген мақтаныш сезімін қалыптастыру, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарыту, зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамыту.

5. Оқу пәнінің міндеттері:

1) Қазақстан аумағындағы ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі қоғамның әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық дамуының негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы білімін қалыптастыру;

2) Қазақстанның тарихи дамуы барысында қалыптасқан ұлттық құндылықтар жүйесі туралы білім беру;

3) Қазақстанның тарихи дамуының негізгі оқиғалары, құбылыстары мен процестердің мәні туралы түсінік қалыптастыру;

4) тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін Отандық тарих контекстінде сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдыларын қалыптастыру мен дамыту;

5) тарихи деректердің негізінде дәлелді пайымдау дағдыларын дамыту; 2944

6) тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру мен дамыту (гипотезаларды ұсыну, зерттеу сұрақтарын құрастыру, деректерді талдау, әртүрлі тезікарастарды салыстыру, нәтижелер мен қорытындыларды шығару, өзінің ұстанымын анықтау);

7) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын алыптастыру;

8) коммуникативті дағдыларды қалыптастыру, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қоса алғанда, жарияланым мен электронды құралдарды қолдану.

2-тарау. «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің мазмұны

6. «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 5-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

2) 6-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

3) 7-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағат;

18-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағат;

19-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағат құрайды.

7. Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелді).

8. «Қазақстан тарихы» оқу пәнінен білім мазмұны бөлімдер арқылы қамтылған. Аталған бөлімдер сыныптар бойынша оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

9. Оқу пәнінің білім мазмұны төрт бөлімді қамтиды:

1)Әлеуметтік қатынастардың дамуы;

2)мәдениеттің дамуы;

3)мемлекеттің дамуы;

4)Қазақстанның экономикалық дамуы.

10. «Әлеуметтік қатынастардың дамуы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1)этникалық қатынастар;

2)әлеуметтік қатынастар.

11. «Мәдениеттің дамуы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1)дүниетаным мен дін;

2)өнер мен әдебиет;

3)білім және ғылым.

12. «Мемлекеттің дамуы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1)мемлекеттің ішкі саясаты;

2)мемлекеттің сыртқы саясаты.

13. «Қазақстанның экономикалық дамуы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1)шаруашылық;

2)өндірістік қатынастар және сауда.

14. Оқу мақсаттары әр бөлімше ішінде мұғалім мен білім алушыға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсетеді.

15. Оқу бағдарламасы базалық тарихи ойлау дағдыларын: тарихи деректердің интерпретациясы, уақыт пен кеңістікте бағдарлану, тарихи талдау және түсіндіруді қалыптастыруға бағытталған.

16. «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқу мақсаттарын тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи концептілерге (түсініктерге) негізделеді:

1) өзгеріс пен сабақтастық;

2) себеп пен салдар;

3) дәлел;

4) ұқсастық пен айырмашылық;

5) маңыздылық;

6) интерпретация.

17. Тарихи концептілер негізінде оқытудың күтілетін нәтижелері:

- 1) «Өзгеріс пен сабақтастық» бойынша білім алушылар: сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдайды және бағалайды, сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи процестер мен тақырыптарға дейін біріктіреді, тарихи оқиғалар мен процестердің белгілі бір уақыт межелесінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін (критерийлер) түсіндіреді;
- 2) «Себеп және салдар» бойынша білім алушылар: бір немесе бірнеше себептердің және/немесе ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдайды және бағалайды; ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып тарихи себептілікті түсінеді, тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстырудың әдістерін түсіндіреді және бағалайды;
- 3) «Дәлел» бойынша білім алушылар: қарастырылып отырған дәлелге қатысты: аудитория, мақсаттар, көзқарастар, формат, аргумент, шектеулер және контекст сынды тарихи айғақтың ерекшеліктерін талдайды, тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасайды, өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден әртүрлі, карама-қайшы айғақтарды талдайды;
- 4) «Ұқсастық пен айырмашылық» бойынша білім алушылар: белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт кезеңінде және/немесе әртүрлі қоғамдарда, немесе бір қоғамның ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстырады.
- 5) «Маныздылық» бойынша білім алушылар: қоғамның дамуы үшін тарихи 2946 оқиғаның, құбылыстың, процестің маныздылығын анықтайды;
- 6) «Интерпретация» бойынша білім алушылар: белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты әртүрлі көзқарастарды түсіндіреді және бағалайды.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы « »
№ бұйрығына
62-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).
2. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің мақсаты – білім алушылардың бойында тарихи сана, толеранттылық, өз елі және басқа елдердің тарихы мен әдебиетіне құрмет қалыптастыру, ғасырлар бойы қалыптасқан жалпы адамзаттық құндылықтарды дарыту және зерттеушілік, ойлау, коммуникативті қабілеттерді дамыту.
3. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің міндеттері:
 - 1) адамзат өркениетінің ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық дамуының негізгі кезеңдері және әлем халықтарының тарихи даму жолының ерекшеліктері туралы білімін қалыптастыру;
 - 2) әлемнің тарихи дамуы барысында қалыптасқан жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесі туралы білім беру;
 - 3) негізгі оқиғалар, құбылыстар мен тарихи даму процестерінің мәні туралы түсінік қалыптастыру;
 - 4) тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін дүниежүзі тарихы контекстінде сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдыларын қалыптастыру мен дамыту;
 - 5) тарихи деректердің негізінде дәлелді пайымдау дағдыларын дамыту;

6) тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру мен дамыту (гипотезаларды ұсыну, зерттеу сұрақтарын құрастыру, деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, нәтижелер мен қорытындыларды шығару, өзінің ұстанымын анықтау);

7) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;

8) коммуникативті дағдыларды қалыптастыру, соның ішінде, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командала жұмыс істей алу, тұлалар деректерден алынған ақпараттарды қоса алғанда, басылымдар мен электронды құралдарды қолдану.

2-тарау. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің мазмұны

4. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

- 1) 5-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 2) 6-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 3) 7-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 4) 8-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 5) 9-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелді).

5. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің білім мазмұны бөлімдер арқылы қамтылған. Аталған бөлімдер сыныптар бойынша оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

6. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің білім мазмұны төрт бөлімді қамтиды:

- 1) әлеуметтік қатынастардың дамуы;
- 2) мәдениеттің дамуы мен өзара әрекеттестігі;
- 3) саяси жүйелердің дамуы мен өзара әрекеттестігі;
- 4) экономикалық қатынастардың дамуы.

7. «Әлеуметтік қатынастардың дамуы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) әлеуметтік құрылымдар;
- 2) әлеуметтік өзара әрекеттестік.

8. «Мәдениеттің дамуы мен өзара әрекеттестігі» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) дін;
- 2) өнер;
- 3) философиялық жүйелер;
- 4) ғылым.

9. «Саяси жүйелердің дамуы мен өзара әрекеттестігі» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) мемлекет: белгілері, құрылымы және басқару тәртібі;
- 2) империялар, соғыстар, көтерілістер мен революциялар.

10. «Экономикалық қатынастардың дамуы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) шаруашылық жүйелер: эволюция және өзара әрекеттестік;
- 2) экономикалық жүйелердің тарихи үлгілері.

11. Оқу бағдарламасы базалық тарихи ойлау дағдыларын: тарихи деректердің интерпретациясы, уақыт пен кеңістікте бағдарлану, тарихи талдау және түсіндіруді қалыптастыруға бағытталған.

12. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқу мақсаттарын тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи концептілерге (түсініктер) негізделеді:

- 1) өзгеріс пен сабақтастық;
- 2) себеп пен салдар;
- 3) дәлел;
- 4) ұқсастық пен айырмашылық;
- 5) маңыздылық;
- 6) интерпретация.

Жаңа замандағы Қазақстан тарихы 7-сынып, аптасына – 2 сағат, барлығы 68 сағат

№	Ауыспалы тақырыптар /бөлім атаулары/	Сабақтардың тақырыбы	Оқыту мақсаттары. Білім алушылар тиісті:	Сағат саны	Уақыты	Ескерту	
І-тоқсан							
7.1	Қазақ-жонғар соғыстары	Жонғар басқыншылығына қарсы Отан соғысының басталуы. Зерттеу сұрағы: Не себепті «Елім-ай» бүкілхалықтық әнге айналды?	7.1.1.1 жонғар шапқыншылығы кезіндегі демографиялық өзгерістерді және миграциялық процестерді түсіндіру;	1	3.03		
			7.2.2.1халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау	1	6.09		
			7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау	1	10.09		
		Біртұтас халық жасағының ұйымдастырылуы. Зерттеу сұрағы: Неліктен Ордабасы ел бірлігінің нышаны болды?	7.4.1.1 жонғар шапқыншылығының қазақ халқының шаруашылығына тигізген зардаптарын анықтау	1	13.09		
			7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау	1	13.09		
			7.3.1.1 Қарақұм және Ордабасы құрылтайларының халықты жонғар басқыншылығына қарсы жұмылдырудағы рөліне баға беру	1	17.09		
7.1	Қазақ-жонғар шайқастары.	Зерттеу сұрағы: Неліктен Аңырақай шайқасы қазақ-жонғар соғысындағы түбегейлі бетбұрыс деп саналады?	7.3.2.1 Жонғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған хандар мен батырлардың ролін түсіндіру	1	20.09		
				1	24.09		
		Зерттеу сұрағы: Неліктен Аңырақай шайқасы қазақ-жонғар соғысындағы түбегейлі бетбұрыс деп саналады? БЖБ №1	7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау	1	27.09		
				1	1.10		
		XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы	XVIII ғасырдың басына дейінгі қазақ-орыс қарым-қатынастарының тарихы. Зерттеу сұрағы: Неліктен Ресей Қазақстанды Азияға шығудың «кілті мен қақпасы» деп санайды?	7.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау	1	4.10	
				7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау	1	8.10	
7.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау	1				11.10		
	Абылай ханның ішкі және сыртқы саясаты.	7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау	1	15.10			

	Зерттеу сұрағы: Дербес Қазақ мемлекетін сақтап қалудағы Абылай ханның ролі қандай? БЖБ №2	7.3.2.3 Абылай ханның ішкі және сыртқы саясатын бағалау				25 қазан-Республика күніне орай біріктірілді
ТӘЖІБІ		7.4.1.1 Жоңғар шапқыншылығының қазақ халқының шаруашылығына тигізген зардаптарын анықтау 7.1.1.1 Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі демографиялық өзгерістерді және миграциялық процестерді түсіндіру 7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау	1	18.10		
Әлкетемі	Туристік маршруттар	7.2.3.5 туристік маршруттарды құру жолдарын ұсыну	1	22.10		
2-тоқсан						
7.2 XVIII ғасырдағы Қазақстанның мәдениеті	XVIII ғасырдағы халық ауыз әдебиеті. Зерттеу сұрағы: XVIII ғасырда ақын-жыраулар шығармаларында тарихи оқиғалар қалай көрініс тапты?	7.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау 7.2.1.1 салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау	1	5.11		
	XVIII ғасырдағы қазақтардың материалдық мәдениеті. Зерттеу сұрағы: Қазақтың ұлттық қолданбалы өнерінің бірегейлігі неде?	7.2.2.4 қолданбалы өнердің жетістіктерін бағалау	1	8.11		
	XVIII ғасырдағы қазақтардың материалдық мәдениеті. Зерттеу сұрағы: Қазақтың ұлттық қолданбалы өнерінің бірегейлігі неде? БЖБ №3		1	12.11		
7.2 Отарлау және ұлт-азаттық күрес	XVIII ғасырдағы Қазақстандағы қазақ-әскери отаршылдығы. Зерттеу сұрағы: Қазақстанды отарлауды Ресей империясы қалай жүзеге асырды?	7.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау	1	15.11		
			1	19.11		
	Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысы. Зерттеу сұрағы: Сырым Датұлы Кіші жүз қазақтарының қандай құқықтарын қорғауды көздеді?	7.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау	1	22.11		
			1	26.11		

		1822-1824 жылдардағы патша реформалары. Зерттеу сұрағы: Неліктен ХХ ғасырдың 20-шы жылдарында Қазақстанда әкімшілік реформалар жүргізілді?	7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру 7.3.1.4 Патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру 7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау	1	29.11		
		1836-1838 жылдардағы Бөкей Ордасындағы казактардың көтерілісі. Зерттеу сұрағы: Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының қандай ортақ идея біріктіреді?	7.3.1.5 қазақ халқының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау 7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру	1	6.12		
		Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс. Зерттеу сұрағы: Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық күрес неліктен жалпы ұлттық сипатқа ие болды? БЖБ №4	7.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау 7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру	1	13.12		
		Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс. Зерттеу сұрағы: Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық күрес неліктен жалпы ұлттық сипатқа ие болды?		1	17.12		
	ТАБЕЛІ		7.2.1.1 Салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау 7.3.1.4 Патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру 7.3.1.6 Ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру 7.3.1.5 Халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау	1	20.12		
	Өлкетану	Жомарт жүрек	7.4.1.3 өлкені дамытуға қолдау көрсеткен тұлғалардың қызметіне баға беру	1	24.12		
	Қайталау		3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау	1	27.12		
			3-тоқсан				
	7.3 Отарлау және ұлт-азаттық күрес	XIX ғасырдың 40-60 жылдарындағы қазақтардың ортаазиялық хандықтармен қарым-қатынастары.	7.3.1.3 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау	1	10.01		

13			Зерттеу сұрағы: Неліктен Орта Азия халықтарының Қазақстанның оңтүстік аймақтарына экспансиясы күшейді?	7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басиларының роліне баға беру	1	14.01	
14			Қазақстанның Ресей империясына қосылуының аяқталуы. Зерттеу сұрағы: Қазақстанның оңтүстік аймақтарының Ресей империясына қосылуының ерекшеліктері қандай?	7.3.1.2 Қазақ халқының ішкі саяси жағдайын талдау 7.3.2.2 Қазақ халқының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау	1	17.01	
15			Қазақстанның Ресей империясына қосылуының аяқталуы. Зерттеу сұрағы: Қазақстанның оңтүстік аймақтарының Ресей империясына қосылуының ерекшеліктері қандай? БЖБ №5		1	21.01	
16	7.3	Ресей	XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы әкімшілік-аумақтық реформалар. Зерттеу сұрағы: Патша өкіметі тарапынан «бөліп ал да, билей бер» ұстанымы қалай жүзеге асты?	7.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау 7.3.1.4 Патша өкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру 7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау	1	28.01	
17			Қазақтардың 1860-1870 жылдардағы азаттық күресі. Зерттеу сұрағы: XIX ғасырдың 60-70 жылдарындағы ұлт-азаттық көтерілістердегі халық таланттарының сабақтастығы неден көрінді?	7.3.1.5 қазақ халқының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау	1	31.01	
18			Қазақстандағы жаппай отаршылдық қоныс аудару саясаты. Зерттеу сұрағы: Патша өкіметінің қоныстандыру саясаты қазақ қоғамының өмірін қалай өзгертті?		1	4.02	
19			Қазақстандағы жаппай отаршылдық қоныс аудару саясаты. Зерттеу сұрағы: Патша өкіметінің қоныстандыру саясаты қазақ қоғамының өмірін қалай өзгертті? БЖБ №6	7.4.1.2 отарлау саясатының қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына тигізген әсерін талдау; 7.1.1.2 Ресей империясының қоныстандыру саясатының себептері мен салдарын талдау 7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау	1	7.02	
20					1	11.02	
21					1	14.02	
22					1	18.02	
23	7.3	Ресей	Қазақстанда капиталистік қатынастардың дамуы. Зерттеу сұрағы: Қазақстанның өнеркәсіптік дамуы қалай басталды?	7.4.2.1 капиталистік қатынастар дамуының Қазақстанның экономикасына ықпалын анықтау	1	21.02	
24			Жәрменке саудасының дамуы.		1	25.02	
25					1	28.02	

		Зерттеу сұрағы: Қазақстанда неліктен жәрмеңке саудасы дамыды?	7.4.2.2 сауда қатынастарына жәрмеңкелердің өкелген өзгерістерін анықтау	1	4.03	
		XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамы. Зерттеу сұрағы: “Зар заман” өкілдерінің қоғамдық-саяси көзқарастары қандай факторлардың әсерінен қалыптасты? БЖБ №7	7.2.1.2 ұлттық құндылықтарға отаршылдық саясаттың көрі әсерін талдау 7.1.2.2 қазақ элиталарының қалыптасуының манымдылығын түсіндіру	1	7.03	
		XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамы. Зерттеу сұрағы: “Зар заман” өкілдерінің қоғамдық-саяси көзқарастары қандай факторлардың әсерінен қалыптасты?		1	11.03	
	ГЖБ №3		7.3.1.5 Халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау 7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау 7.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау 7.1.2.2 Қазақ элиталарының қалыптасуының манымдылығын түсіндіру	1	14.03	
	Өлкетану	Туған өлкенің шежіресі	7.4.1.4 өлке дамуының манымды кезеңдерін анықтау; 7.2.2.5 өлкенің тарихи оқиғалар хроникасын құру	1	18.03	
		4-тоқсан				
	7.4 XIX ғасыр -XX ғасырдың басындағы Қазақстанның мәдениеті	XIX ғасырдағы мәдениеттің дамуы. Зерттеу сұрағы: Неге XIX ғасыр қазақ халқының дәстүрлі музыка өнерінің гүлденген дәуірі деп саналады?	7.2.1.1 салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен манымдылығын анықтау; 7.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау 7.2.2.3 ұлттық музыкалық аспаптардың қолдану ерекшеліктерін сипаттау	1	1.04	
				1	4.04	
				1	8.04	
		XIX ғасырдағы білім беру мен ағарту ісі. Зерттеу сұрағы: XIX ғасырда Қазақстанда оқу-ағартушылық мекемелер қандай түрде дамыды?	7.2.3.2 XIX ғасырдың екінші жартысындағы білім беру мен ағарту ісінің даму ерекшеліктерін түсіндіру	1	11.04	
				1	15.04	
		Шоқан Уәлиханов – алғашқы қазақ ғалымы. Зерттеу сұрағы: Неге С. Мұқанов Шоқан Уәлихановқа арналған шығармасын «Аққан жұлдыз» деп атады?	7.2.3.1 Шоқан Уәлихановтың ғылыми зерттеулерінің тарихи құндылығын анықтау	1	18.04	
				1	22.04	

		Ы. Алтынсарин – жанашыл-педагог. Зерттеу сұрағы: Ыбырай Алтынсариннің халық ағарту саласындағы жанашылдығы неден байқалады?	7.2.3.3 Ыбырай Алтынсариннің ағарту саласына қосқан үлесін бағалау	1	25.04	
				1	29.04	
			7.2.2.2 Абай Құнанбайұлы ақыл, ойшыл, қоғам қайраткері ретіндегі қызметіне баға беру	1	2.05	
				1	6.05	
		XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы Қазақтардың ауызша тарихи дәстүрлерінің дамуы. Зерттеу сұрағы: Ш. Құдайбердіұлы, М. Көпейұлы, Қ. Халид еңбектерінің тарихи құндылығы неде? БЖБ №8	7.2.3.4 Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Қ.Халид еңбектерін тарихи дерек ретіндегі маңызын айқындау	1		13.05 мерекеге байланысты біріктірілді.
				1	13.05	
				1	16.05	
	ТАЖАНЫ		7.2.2.3 Ұлттық музыкалық аспаптардың қолдану ерекшеліктерін сипаттау 7.2.3.2 XIXғ. II жартысындағы білім беру мен ағарту ісінің даму ерекшеліктерін түсіндіру 7.2.3.4 Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Қ.Халид еңбектерін тарихи дерек ретіндегі маңызын айқындау 7.2.3.3 Ыбырай Алтынсариннің ағарту саласына қосқан үлесін бағалау	1	20.05	
67	Өлкетану	Мектебіміздің тарихы	7.2.2.6 түрлі дереккөздер негізінде өз мектебіміз тарихын анықтау	1	23.05	
8		Қайталау	IV тоқсан бойынша қайталау	1	23.05	

Жаңа заман тарихы 7-сынып, аптасына – 1 сағат, барлығы 34 сағат

№	Аумақтың тқырыптар Білім алушылар/	Саябақтарының тақырыбы	Оқыту мақсаттары. Білім алушылар тиісті:	Саға т сапы	Мерзімі	Ескерту
I-тоқсан						
1	Жаңа заманның басталуы	Курсқа кіріспе. XVII ғасырдың ортасындағы Ағылшын буржуазиялық революциясы қандай мыңызға не болды?	7.4.2.3 дүниежүзі тарихының жаңа кезеңін сипаттау үшін «жаңа заман» ұғымын қолдану; 7.3.2.1 Батыс Еуропадағы буржуазиялық революциялардың себептерін сипаттау; 7.1.1.1 «капитал», «буржуазия», «жұмысшы табы» /пролетариат/ ұғымдарын қоғамның әлеуметтік құрылымын түсіндіру үшін қолдану; 7.1.2.1 экономикалық және саяси жүйенің өзгеруіне буржуазияны өсерін анықтау	1	4.09	
2		Өнеркәсіп төңкерісі әлемді қалай өзгертті?	7.4.1.1 себеп-салдарды анықтау арқылы Еуропадағы феодалдық құрылымнан капиталистік шаруашылыққа (мануфактура, фабрика) өту процесін түсіндіру; 7.1.1.2 мануфактура, фабрикалардың пайда болуы мен жалдамалы жұмысшы табының қалыптасуы арасындағы байланысты анықтау; 7.4.1.2 Англияның әлемдік жетекші держава ретінде қалыптасуындағы өнеркәсіп төңкерісінің рөлін сипаттау;	1	11.09	
3		Өнеркәсіп төңкерісі әлемді қалай өзгертті? БЖБ №1	7.4.2.2 қоғамның индустрияға дейінгі және индустриялық даму кезеңдерінің арасындағы айырмашылығын анықтау	1	18.09	
4	XVIII ғасырдағы Үндістан және Ұлыбритания	Ағылшындар саудагерлерден Үндістан билеушілеріне қалай айналды?	7.2.2.1 тарихи екігалдарды интерпретациялау үшін өнер туындыларын пайдалану; 7.1.1.3 Еуропалық державалардың отаршылдық экспансиясы кезеңіндегі Азия мемлекеттерінің әлеуметтік құрылымындағы ерекшеліктерді анықтау (Қытай, Үндістан, Жапония); 7.3.2.6 еуропалық отаршылдық экспансияның Шығыстың дәстүрлі қоғамдарына ықпалын сипаттау; 7.4.1.4 «экспорт», «импорт», «экспансия», «отарлау», «фактория» ұғымдарын қолдану арқылы, тауар-қимyasының дамуын түсіндіру	1	25.09	
5		Ағылшындар саудагерлерден Үндістан билеушілеріне қалай айналды?		1	2.10	
6	Ағартушылық идеяларының таралуы	Ағартушылық дәуірдің қандай идеялары еуропалық монархтардың қызметінде көрініс тапты?	7.2.1.1 қоғамда діни рөлдің шектелуіне байланысты адамдар өмірінде орын алған өзгерістерді анықтау; 7.2.3.2 Ағартушылық дәуір идеяларының қоғамдық дамута ықпалын анықтау	1	9.10	
7		Ағартушылық идеялар американдықтарға қалай әсер етті? БЖБ №2	7.3.2.7 еуропалық революциялардың солтүстік америкалық қоғамның дамуына ықпалын сипаттау; 7.2.3.2 Ағартушылық дәуір идеяларының қоғамдық дамута ықпалын анықтау;	1	16.10	
8		Ағартушылық идеялар американдықтарға қалай әсер етті?	7.3.1.1 республикалық басқару құрылымының ерекшеліктерін анықтау	1	23.10	

2-тоқсан

4-бөлім. Француз буржуазиялық революциясы ның көрінісі	1789-1799 жылдар аралығында Францияда қандай өзгерістер орын алды?	7.3.2.1 Батыс Еуропадағы буржуазиялық революциялардың себептерін сипаттау; 7.1.2.1 экономикалық және саяси жүйенің өзгеруіне буржуазияның әсерін анықтау; 7.1.1.1 «капитал», «буржуазия», «жұмысшы табы» /пролетариат/ ұғымдарын тарихи оқиғаны жан-жақты түйендіру үшін қолдану	1	6.11	
	Неліктен Давид пен Бодридің Марат туралы көзқарастары әртүрлі болды? §8-10	7.2.2.1 тарихи оқиғаларды интерпретациялау үшін өнер туындыларын пайдалану; 7.2.2.2 өнердегі негізгі стильдер мен агымдардың белгілерін (неоклассицизм, романтизм, импрессионизм, реализм) анықтау; 7.3.1.1 республикалық құрылымның ерекшеліктерін анықтау	1	13.11	
	Наполеон империясы қалай құрылды және оның құлдырау себептері неде болды? §8-10 БЖБ №3	7.2.2.1 тарихи оқиғаларды интерпретациялау үшін өнер туындыларын пайдалану; 7.3.2.4 империалстің соғыстардың әлемдік саясаттың өзгеруіне ықпалын бағалау (Наполеон соғыстары мысалында); 7.3.2.2 Ағартушылық дәуір идеяларының қоғамдық дамуға ықпалын анықтау	1	20.11	
5-бөлім. XIX ғасырдағы империялар және олардың бықаластығы	Ресей мен Британия Иранға ықпал ету үшін неге бағытталды? §11-12	7.3.2.2 XVIII-XIX ғасырдың ортасындағы халықаралық қатынастардағы өзгерістерді сипаттау;	1	27.11	
	Ресей мен Британия Иранға ықпал ету үшін неге бағытталды? §11-12	7.4.2.1 түрлі мемлекеттердің өнеркәсіптік даму сатысына өту процесінің ерекшеліктерін салыстыру	1	4.12	
4	Танзимат саясаты Осман империясын күшейтуге әсер етті ме? §13	7.4.2.1 түрлі мемлекеттердің өнеркәсіптік даму сатысына өту процесінің ерекшеліктерін салыстыру; 7.3.2.2 XVIII-XIX ғасырдың ортасындағы халықаралық қатынастардағы өзгерістерді сипаттау	1	11.12	
	Қырым соғысының себептері мен салдары қандай болды? §13.14 БЖБ №4	7.3.2.2 XVIII-XIX ғасырдың ортасындағы халықаралық қатынастардағы өзгерістерді сипаттау	1	18.12	
	Қайталану		1	25.12	
ӘКШ					
6-бөлім. XIX ғасырдағы Қытай мен Еуропа елдері	Англия және Қытай үкіметтерінің хат алысуынан империализм туралы не біле аламыз? §15-16	7.3.2.2 XVIII - XIX ғасырдың ортасындағы халықаралық қатынастардағы өзгерістерді сипаттау	1	15.01	
	Неліктен Апиын соғыстары осы күнге дейін қытай халқының есінде? §15-16	7.1.1.3 еуропалық державалардың отаршылдық экспансиясы кезеңіндегі Азия мемлекеттерінің (Қытай, Үндістан, Жапония) әлеуметтік құрылымындағы	1	22.01	

		ерекшеліктерді анықтау; 7.2.1.2 миссионерліктің міндеттерін анықтау;			
	Негізден Азияның соғыстары осы күнге дейін қытай халқының есінде? §15-16	7.3.2.6 еуропалық отаршылдық экспансияның Шығыстың дәстүрлі қоғамдарына ықпалын сипаттау; 7.4.1.4 «экспорт», «импорт», «экспансия», «отарлау», «фактория» ұғымдарын қолдану арқылы, теуар-ақша қатынастарының дамуын түсіндіру	1	29.01	
7-бөлім. Революциялық идеялардың XIX ғасырдағы Еуропаға әсері	1848 ж. революциялар Еуропада қандай саяси идеяларды қалыптастырды? § 17 БЖБ №5	7.3.2.1 Батыс Еуропадағы буржуазиялық революциялардың себептерін сипаттау; 7.1.2.1 экономикалық және саяси жүйені өзгертуіне буржуазияның әсерін анықтау; 7.2.3.2 Ағартушылық дәуір идеяларының қоғамдық дамуға ықпалын анықтау;	1	5.02	
	1848 ж. революциялар Еуропада қандай саяси идеяларды қалыптастырды? § 17	7.2.3.3 К. Маркстың көзқарастарын және марксизмнің қоғамдық өмірге ықпалын түсіндіру; 7.3.2.5 тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «либерализм», «консерватизм», «социализм», «марксизм», «ұлтшылдық» ұғымдарын қолдану	1	12.02	
	Италия және Германияның бірігу жолдары қаншалықты бір-біріне ұқсас болмады? § 18	7.3.1.4 әртүрлі елдердің бір уақыт кезеңіндегі тарихи оқиғаларын салыстыру арқылы ұлттық мемлекеттердің (Италия, Германия) қалыптасу маңызын анықтау; 7.3.2.5 тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «либерализм», «консерватизм», «социализм», «марксизм», «ұлтшылдық» ұғымдарын қолдану	1	19.02	
8-бөлім. XIX ғасырдағы Ресейдегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы	Негізден ІІ Александр патша «Халық еркі» ұйымының құрбаны болды? § 19-20	7.2.3.1 Ресейде жаңа қоғамдық-саяси ағымдардың (халықшылдық, либерализм) пайда болу себептерін анықтау; 7.3.1.3 тарихи оқиғаны түсіндіру үшін «басыбайлы құрық», «декабристер», «халықшылдар», «жеке террор», «пролетариат диктатурасы» ұғымдарын қолдану	1	26.02	
9-бөлім. XIX ғасырдағы еуропалық отаршыл үстемдік	1857-1859 жылдардағы. Үндістандағы оқиғаларды XIX ғасырдағы британдықтар мен қазіргі кездегі үндістер қалай бағалайды? § 21-22	7.1.1.3 Еуропалық державалардың отаршылдық экспансиясы кезеңіндегі Азия мемлекеттерінің (Қытай, Үндістан, Жапония) әлеуметтік құрылымындағы ерекшеліктерді анықтау; 7.3.2.6 еуропалық отаршылдық экспансияның Шығыстың дәстүрлі қоғамдарына ықпалын сипаттау	1	5.03	
	Әлемдік отарлау жүйесі қалай қалыптасты? § 23 БЖБ №6	7.3.2.6 еуропалық отаршылдық экспансияның Шығыстың дәстүрлі қоғамдарына ықпалын сипаттау;	1	12.03	

		Әлемдік отарлау жүйесі қалай қалыптасты? § 23	7.3.2.3 отаршылдық экспансияның салдарын талдау арқылы XIX ғасырдағы әлемнің саяси картасындағы негізгі өзгерістерді анықтау	1	19 .03	
4-төлем	10-бөлім. Америка Құрама Штаттарының күшеюі	АҚШ-тың батыс бағыттағы аумағы қалай кеңейді? § 24	7.3.1.2 XIX ғасырдағы Америка Құрама Штаттары территориясының кеңею үдерісін сипаттау	1	2 .04	
		АҚШ-тағы құлдық қалай жойылды? § 25	7.1.2.2 трансатлантикалық құлдықтың ерекшеліктерін анықтау; 7.4.2.1 түрлі мемлекеттердің өнеркәсіптік даму сатысына өту процесінің ерекшеліктерін анықтау	1	9 .04	
		Нәліктен АҚШ өз әскери кемелерін Жапонияға жіберді? § 26	7.4.1.3 АҚШ-ғы капиталистік монополиялардың даму ерекшеліктерін анықтау; 7.3.2.6 еуропалық отаршылдық экспансияның Шығыстың дәстүрлі қоғамдарына ықпалын сипаттау;	1	16 .04	
		Нәліктен АҚШ өз әскери кемелерін Жапонияға жіберді? § 26 БЖБ №7	7.4.2.2 қоғамның индустрияға дейінгі және индустриялық даму кезеңдерінің арасындағы айырмашылығын анықтау; 7.2.1.2 миссионерліктің міндеттерін анықтау	1	23 .04	
		XIX ғасырдағы өнер мен әдебиет әлеуметтік аділетсіздікті қалай суреттейді? § 27	7.2.2.2 өнердегі негізгі стильдер мен агымдарды (неоклассицизм, романтизм, импрессионизм, реализм) анықтау; 7.2.2.1 тарихи оқиғаларды интерпретациялау үшін өнер туындыларын пайдалану	1	30 .04	
32	11-бөлім. Суретшілер мен жазушылардың көзқарасымен XIX ғасырдағы өзгерістерге шолу	Эмиль Золяның «Мен айыптаймын!» атты макаласы сөз күдіретін қалай көрсетеді? § 28	7.2.2.1 тарихи оқиғаларды интерпретациялау үшін өнер туындыларын пайдалану; 7.3.2.5 тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «либерализм», «консерватизм», «социализм», «марксизм», «құлтышлық» ұғымдарын қолдану	1	7 .05	
33		XIX ғасырдағы қай ғылыми жаңалықтың адамдар өміріне ықпалы зор болды? § 29-30 БЖБ №8	7.2.4.1 өзгерістер мен сабақтастықты көрсету арқылы адам мен қоғам өміріндегі ғылыми жаңалықтардың маңызын талдау; 7.2.1.1 қоғамда дін рөлінің шектелуіне байланысты адамдар өмірінде орын алған өзгерістерді анықтау	1	14 .05	
34	12-бөлім. Ғылыми ойдың дамуы	XIX ғасырдағы қай ғылыми жаңалықтың адамдар өміріне ықпалы зор болды? § 29-30	7.2.1.1 қоғамда дін рөлінің шектелуіне байланысты адамдар өмірінде орын алған өзгерістерді анықтау	1	21.05	